ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СӘУЛЕТШІЛЕР ОДАҒЫ

e-mail: info@kazarch.kz web: www.kazarch.kz phone: +7 701 711 1787 Instagram: @kazarch.kz

#19 ДАЙДЖЕСТ
АРНАУЛЫ ШЫҒАРЫЛЫМ

КУБОК МОЛОДЫХ АРХИТЕКТОРОВ
ЖАС СӘУЛЕТШІЛЕР КУБОГЫ
Қазақстан Республикасы Сәулетшілер одағы
2022
YOUNG ARCHITECT'S CUP

2022 ЖЫЛҒЫ 17 ҚЫРКҮЙЕК
NURTAU ГОЛЬФ-КЛУБЫ
БАСТАЛУЫ САҒАТ 9:00

Қатысушыларды қызықты және мазмұнды бағдарлама күтеді:

1. Сәулет кубогы – Қазақстанның жоғары оқу орындарының жас сәулетші мамандары мен сәулет факультеттерінің студенттеріне арналған командалық конкурс;
2. Жас сәулетшілер клубының тұсаукесері;
3. Тәжірибелі және танымал сәулетшілердің семинарлары, дәрістері мен шеберлік сыныптары;
4. Тақырыптық практикалық семинарлар;
5. Іс-шараның барлық қатысушылары үшін бағалы сыйлықтар ұтып алу мүмкіндігі, сондай-ақ көптеген жағымды әсерлер мен көңіл-күй!

БАРЛЫҚ КОМАНДАЛАР КЕРЕМЕТ СЫЙЛЫҚТАР, АЛ ЖЕҢІМПАЗДАР АҚШАЛАЙ ЖҮЛДЕЛЕР АЛАДЫ!

ЖАС СӘУЛЕТШІЛЕР КУБОГЫ -

бұл Қазақстан Республикасы Сәулетшілер одағы ұйымдастырған және жас сәулетшілерді дамыту мен қолдау мәселелеріне арналған бірегей кеңформатты оқиға.
Іс-шараның тигізер пайдасы:

- **Жас сәулетшілер үшін – өздерін таныту, шығармашылық әлеуетін ашу, кәсіби байқауларға қатысу тәжірибесін алу мүмкіндігі; барлық командалар қатысушы дипломдары мен кәсіби фотосуреттер алады;**
- **Компаниялар үшін – таланттарды анықтау және өздеріне тарту, байланыс, қарым-қатынас;**
- **Кәсіби сәулетшілер үшін – жас сәулетшілердің идеяларын танымал етуде оларға қолдау көрсету.**

КУБОККА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҮКПІР-ТҮКПІРІНЕН КОМАНДАЛАР ҚАТЫСА АЛАДЫ

БАҒДАРЛАМАҒА ҚАЛАЙ ҚАТЫСУҒА БОЛАДЫ?

Командаларға: Жас сәулетшілер клубына алдын-ала тіркелу және қосымша ақпарат алу үшін хабарласыңыз. Клубтың байланыс көздері беттің төменгі жағында көрсетілген.

Спикерлерге: ҚР СО-ның ұйымдастырушы хатшысының info@kazarch.kz электрондық поштасына жазыңыз. Спикерлер сөйлейтін сөзінің тақырыбын ұсынуы керек.

Демеушілерге: ҚР Сәулетшілер одағы хатшысының info@kazarch.kz электрондық поштасына жазып немесе +7 701 711 1787 телефон нөміріне хабарласып, іс-шара туралы толық ақпарат пен демеушілерге арналған ұсыныстарды алу.

Команда жанкүйерлері мен қатысушыларға: ҚР Сәулетшілер одағы сайты мен Истаграмдағы хабарландырулар мен ақпараттарды қадағалалау.

МАҢЫЗДЫ! Кубокқа тіркелген командалар тікелей қатысады. Іс-шараға қатысу үшін ҚР қалаларының командалары Алматыға сапарды өздері ұйымдастырады.

СҰРАҚ – ЖАУАП

Команданы қалай құруға болады? Командаларды қатысушылар өз беттерінше қалыптастырады. Командаға 35 жасқа дейінгі жас сәулетшілер, сәулет мамандықтарының студенттері кіре алады. Аралас командалар құруға (студенттер мен практик мамандар) рұқсат беріледі.

Командада неше адам болады? Командалар 4-5 адамнан тұрады. Команда міндетті түрде капитанын таңдауы керек. Әр команданың атауы болуы керек.

Командалар үшін қандай тапсырмалар болады? Сәулет кубогына қатысатын командалар бірнеше тапсырмаларды орындауы тиіс. Тапсырмалардың бірі қыркүйек айының басында тіркелген командаларға жіберіледі. Басқа тапсырмалар мен қосалқы материалдарды ұйымдастырушылар іс-шара өткізілетін күні сол жерде ұсынады.

Өтінім дұрыс толтырылмаған жағдайда немесе тіркелген командалар саны шегіне жетсе, ұйымдастырушылардың тіркеуден бас тарту құқығы бар.

ҚАЛАЙ БОЛЫП ЕДІ... ЖАС СӘУЛЕТШІЛЕР КУБОГЫ-2019

2019 жылдың 7 желтоқсанында Алматы қаласының жас сәулетшілері үшін сәулет кубогы өтті.
Байқауға 8 команда қатысты, олардың құрамында ҚазБСҚА және Satbayev University сәулет факультеттерінің жас практиктері мен студенттері болды. Кубок қатысушылары ерекше жағдай қалыптастырып, қыстың суық күнін нағыз сәулет мерекесіне айналдырды! Барлық командалар жарқын және қызықты жобалар ұсынды, ал 450 мың теңге көлеміндегі жүлде қорын ең мықты үш команда бөлісті!
Іс-шара аясында тәжірибелі сәулетшілер мен оқытушылар Әбдірасілова Гүлнар Сейдахметқызы, Нарынов Сәкен Жомартұлы, Шадьяров Артур Серікұлы, Юманкова Светлана Евгеньевна, Хасанов Эльдар Равильевич, Погодаева Оксана шеберлік сыныптарын өткізіп, дәрістерін оқыды. Спикерлер сәулет және қала құрылысындағы синергия, энергиялық тиімді сәулет, жобалаудың заманауи тәсілдері және т.б. өзекті тақырыптарды қозғады.
Іс-шараның барлық қатысушылары үшін бағалы сыйлықтары бар сәулет викторинасы ұйымдастырылды. Іс-шара сапалы ұйымдастырылды және өте белсенді әрі жақсы көңіл-күймен өтті!

Қатысушылардың пікірлері:

Көптен бері осындай сәулет қуатын сезінбедім! Кеудемді қуаныш кернеп тұр! Жас сәулетшілерді тарту мақсатында осындай іс-шаралар көп болса екен.

Мырзатаев Хазрет

Шара өте қызықты, әрі еліктірерліктей өтті! Жақсы, пайдалы дәрістер болды. Жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Келесі жылы қатысқым келеді.

Айдарбек Шынар

Бұл іс-шара бірінші рет өткізіліп отыр, өте керемет! Ұйымдастырушылар жарады. Болашақта міндетті түрде қатысамын.

Туманчиев Ануар



Жас сәулетшілер клубымен ҚР СО www.kazarch.kz сайты немесе Instagram @kazarch.kz, сондай-ақ anton.fedyanin@kazgor.kz электронды поштасы және +7 702 158-52-46 телефон/ WhatsApp арқылы байланысуға болады.